

*Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау- мәдениет.*

Сабақтың тақырыбы

*Балаларға арналған сайттар (1-сағат)*

---

---

## Оқу мақсаттары:

*Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу (7.3.1.1).*

*Тыңдаған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, ақпараттың өзектілігін анықтау.*

## Сабақтың мақсаттары:

- Кесте, сызба түрінде берілген ақпаратты түсініп, тыңдаған мәтіннің негізгі мазмұнын анықтайды
- 
-

# Сөздікпен жұмыс

## Жаңа сөздер

- *Қажетті- необходимо, необходимый*

# 1-тапсырма ЖАЗЫЛЫМ

*1-тапсырма. Берілген кестеге зат есімдерді сын есімдерге айналдырып жаз. Сол сөздерді себеп салдар үстеулермен қосып, сөйлем ішінде қолдан.*

*Запишите существительные как прилагательные в данной таблице. Используйте эти слова в предложении, добавляя причинные союзы.*



<i>Зат есім</i>	<i>Сын есім</i>	<i>себеп салдар үстеулермен сөйлем ішінде қолдану</i>

## *Дескриптор*

- Зат есімдерді сын есімдерге айналдырып жазады;
- Сөздерді себеп салдар үстеулермен қосып, сөйлем ішінде қолданып,
- кестені толтырады.

# Өзіңді тексерь Проверь себя

зат есім	сын есім	себеп салдар үстеулермен сөйлем ішінде қолдану
Білім	білімді	Кәзір білімді адамдар уақыттарын босқа өткізбей, білімдерін жетілдіріп көп ізденеді.
ақыл	ақылды	Ақылды болу үшін тек жақсы оқымай, құр босқа уақыт өткізбей көп іздену керек.
бұлт	бұлтты	Бүгін күн бұлтты болып, амалсыздан үйде отыруға тура келіп тұр.
тау	таулы	Таулы жерге шыққанда өзімді жайсыз сезінетіндіктен лажсыздан топтан қалып қоюға мәжбүр болдым.
теңіз	теңізді	Уақытты босқа өткізбей, демалысымда теңізді аралағанды ұнатамын.
саяхат	саяхатшыл	Саяхатшыл оқушылар кез-келген мүмкіндікті пайдаланып, демалыс кезеңін босқа өткізбейді.



## 2-тапсырма

- **Мәтінді оқы.**

### Балаларға базарлық

Үлкендер ғаламтордан өздеріне керегін қаншалықты тапса, кішкентай бүлдіршіндер де мұндай жақсы үрдістен тыс қала алмайды. «Балам!» дейтін жұрты болмаса, «Жұртым» дейтін бала қайдан болсын?!»- деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі уақытта біздің елімізде балаларға арналған әртүрлі іс- шаралар үздіксіз ұйымдастыруда. Балаларға арналған театрлар, саябақтар, арнайы ойын алаңдары телебағдарламалар бұрынғымен салыстырғанда көбейіп келеді.

Қазір жай ғана ойын- сауықтан бөлек, мәдени танымдық интеллектуалдық деңгейі жоғары, пайдалы, қызық дүние пайда бола бастады. Соның бірі- балалардың көңілінен шығатын ғаламтор жүйесі мен ондағы балалар сайты деуге болады. Бұл шын мәнінде, әлі өзі оқып, жаза алмайтын балаларға керемет базарлық емеспе?!

Соңғы кезде ғаламторды қарасақ, еліміздегі ең танымал «Балбұлақ» балалар электронды журналының [www.balbulag.kz](http://www.balbulag.kz) сайты « Балапан» телеарнасының [www.balapan.kaztrk.kz](http://www.balapan.kaztrk.kz) сайты, балалар білімімен айналысатын [www.balalar.ucoz.com](http://www.balalar.ucoz.com). [www.balalaralemi.kz](http://www.balalaralemi.kz) сайттары бар екен.

Сонымен бірге балалар мен ата- аналарға арналған [www.erketai.kz](http://www.erketai.kz) сайттары бар. Осы сайттардан балалар өте қызықты ақпараттар алады. Бұл сайттарда арнайы жаңалықтар, қызықты кітаптар, ертегілер, қызықты материалдар, жап- жаңа топтамалар бар. Осы ақпараттарды жылдамырақ көшіріп алуға мүмкіндік бар. Балалар осы бағдарламалар арқылы- ақ қазақ тілін игере бастады. Өйткені ондай бағдарламалар ешқандай үгітсіз өзінің жеңіл мазмұнымен, түсінікті тілімен сәбилерді, бастауыш сынып оқушыларын тарта алады.

Балалар сайты айтқанда бір мәселені ескеру керек. Ол балаларды үнемі назарда ұстау, сайттарда отыру уақытын шектеу. Өйткені компьютердің алдында тым көп отыру балаға өте зиян.



### Дескриптор

-мәтін мазмұнын түсінеді;  
-тақырыпқа байланысты негізгі ақпаратты анықтай алады.

### 3-тапсырма *Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып, диалогты толықтырып оқыңдар. Өзің қажет деп тапқан сөйлемдерді кесте бойынша дұрыс жауаппен сәйкестендіріп жаз.*

Замените многоточие правильным словом и закончите диалог. Сопоставьте предложения, которые, по вашему мнению, вам нужны, с правильным ответом в таблице.

-Іс шара кім үшін жасалып жатыр?	-Балаларға арналған..... .
- Балалар көңілінен шығатын не нәрсе?	-Іс шара ..... арналған.
-Ғаламторғы базарлыққа не жатады?	-Балалар бұл материалдарды оқып, көре алады, онда ойнауға, оларды ..... болады.
-www.erketai.kz сайты кімге арналған?	-Бұл сайт ..... арналған.
-Сайттарда не бар?	- Балаларға арналған .....
-Бұл материалдармен не істей аламыз?	-Онда ақпараттар, қызықты кітаптар..... бар.

**Қажетті сөздер:** балалар, сайт, балалар мен ата- аналар, ғаламтор жүйесі, қажетті материал, көшіру.

#### Дескриптор

- диалогты толықтырып оқиды
- дұрыс жауапты сәйкестендіреді